

Аудан әкімдігі жанындағы «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» отырысының  
**ХАТТАМАСЫ**  
№3

Құлан ауылы

2026 жылғы 24 ақпан,  
сағат 16.30, аудан әкімдігінің  
үлкен мәжіліс залы

**Төрағалық етуші:** Б.Тұрсынбек - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

**Комиссия хатшысы:** А.Сәрсеханұлы - ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – комиссия хатшысы.

**Қатысқандар:** тізім бойынша (қоса тіркеледі).

**Күн тәртібі:**

1. Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің ұсынысын қарау туралы (Луговой ауылы, Тәуелсіздік көшесі №5 үйдің тұрғыны Д.А-ның отбасына қатысты);

2. Сенімхатпен тұратын және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасындағы психологиялық жағдайына жүргізілген мониторинг нәтижелері және сенімхатпен қалдырылған балаларды ата-аналарына қайтару бойынша есебі;

3. Комиссияның құзыретіне кіретін әр түрлі мәселелер.

---

(Б.Тұрсынбек, Е.Кайпулдаев, Б.Самылтыров.)

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), аудандық Полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы (М.Қуанышбеков, келісімі бойынша), Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің директоры (Е.Кайпулдаев, келісім бойынша), Луговой ауылдық округ әкімі (Ж.Өмірқұлов) заң талаптарына сәйкес:

2.1. Луговой ауылы, Тәуелсіздік көшесі №5 үйдің тұрғыны 07.05.1991 жылы туылған Д.А-ның ата-аналық міндеттерін тиісінше орындамауы, кәмелет жасына толмаған балаларын қараусыз қалдырғаны, бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттерінің (спирттік ішімдікті жиі пайдаланатыны) жасағаны анықталды. Комиссия отырысында Д.А-нің алдағы уақытта заң бұзушылық әрекеттердің жасамайтындығы туралы сөзін ескеріп, тәртібінің түзетілуіне соңғы мүмкіндік берілсін, алдағы уақытта мектеп әкімшілігі, Полиция бөлімі, отбасын қолдау орталығы, Луговой ауылдық округ әкімі, аталған отбасын қатаң бақылауға алып тұрақты зерделеу жұмыстарын жүргізсін. Қайталанған

жағдайда заң аясында тиісті шараларды қабылдап, комиссия хатшылығына баяндасын.

*Орындау мерзімі: 05.03.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

2.2. Отбасында тәрбиеленіп жатқан кәмелетке толмаған жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін, денсаулығын, отбасының жай-күйін тұрақты бақылауға алып, өлеуметтік көмекпен қамту бойынша тиісті шаралар қабылдансын.

Жасөспірімдердің сабаққа келуін, қажетті оқу құралдарымен қамтылуын мектеп әкімшілігі қатаң бақылауға алсын.

*Орындау мерзімі: 02.03.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

3. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), барлық білім беру ұйымдарының басшылары, аудандық Полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы (М.Қуанышбеков, келісімі бойынша) заң талаптарына сәйкес:

3.1. Кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер бақылаусыз, қадағалаусыз қалған кезде және заңды өкілдері ата-аналық міндеттерін дұрыс атқармаған жағдайда (ата-анасының немесе заңды өкілдерінің масаң күйде болуы, бей мезгіл уақытта көшеде жүруі немесе жеке басының гигиеналарын сақтамай жүруі т.с.с) Полиция бөлімі заң шеңберіндегі шараларды дер кезінде қолданып отырсын.

*Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.*

3.2. Ювеналды Полиция тобының инспекторлары мен білім бөлімінің қызметкерлері, мектеп әкімшілігі бірлесе аудандық Полиция бөлімінің есебінде тұрған жасөспірімдерді және жайсыз отбасылардың үйлерін аралап, өлеуметтік тұрмыстық жағдайларын зерделесін.

*Орындалу мерзімі: 10.02.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

3.3. Есептегі спирттік ішімдікке салынған азаматтарға тұрғылықты мекен-жайлары бойынша заң талаптарына сай тексеру жұмыстарын жүргізісін және сол отбасылардағы кәмелетке толмаған балалардың жағдайына баса назар аударылсын.

*Орындалу мерзімі: 12.03.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

3.4. Жасөспірімдер арасындағы жыныстық сипаттағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың, оның ішінде педофильдік іс-әрекеттерді болдырмау, балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетудің алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстарды жүйелендіріліп, бақылауға алсын.

*Орындалу мерзімі: 12.03.2026 жылға дейін, өрі қарай тұрақты бақылау.*

4. Аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы (Б.Самылтыров, келісімі бойынша, жинақтау), барлық білім беру ұйымдарының басшылары, заң талаптарына сәйкес:

4.1. Аудан бойынша ата-аналарынан туыстарына «сенім хат» негізінде берілген барлық балалардың ата-аналарымен заң аясында жұмыстар жүргізіп, балаларды өз отбасына қайтару шараларын қабылдасын.

*Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.*

4.2. Патронаттық тәрбиеге берілген, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау, толық емес және азаматтық некедегі отбасылардың, сондай-ақ өгей ата-аналарымен тұратын балалардың жай-күйін тұрақты бақылауға алып, әрбір бала бойынша жіті талдау жасап профилактикалық жұмыстарды сапалы жүргізісін. Жаңадан анықталған төуекел жағдайлары бойынша дер кезінде сигнал түсіріп отырсын.

*Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау.*

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Аудан әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» хатшысы А.Сәрсеханұлына жүктелсін.

Комиссия төрағасы



Б.Тұрсынбек

Комиссия хатшысы



А.Сәрсеханұлы